# Қоғамдық жұмысшылар жіберілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздерін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімшілігінің 2010 жылғы 05 қаңтардағы N 01 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 02 ақпанда N 2-8-134 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 10 қаңтардағы N 01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2011.01.10 N 01 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы N 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 бабының 5-тармағының 2-тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоғамдық жұмысшылар жіберілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Еңбекшіқазақ аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Аңсатбаев Мұратбай заңмен белгіленген тәртіпте:

1) қоғамдық жұмысты ұйымдастырушы мекемелер мен ұйымдар қоғамдық жұмысқа қатысатын жұмыссыз адамдарға қолайлы жұмыс орнын қамтамасыз етсін;

2) еңбек ақылары ақшалай төленсін және әр адамның жеке есеп шотына түсірілсін.

3. Аудандық әділет басқармасында 2009 жылы 5 ақпанда N 2-8-105 нөмірімен мемлекеттік тіркеуден өткен, аудандық "Еңбекшіқазақ" газетінің 6 ақпандағы N 7 санында жарияланған Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 12 қаңтардағы "Қоғамдық жұмысшылар жіберілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздерін бекіту

туралы" N 1 қаулысының күші жойылсын.

4.Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бекетаев Мақсат Тоқбергенұлына жүктелсін.

5.Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң колданысқа енгізілсін.

*Аудан әкімі Ә. Тойбаев*

"Қоғамдық жұмысшылар жіберілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздерін бекіту туралы" 2010 жылғы 05 қаңтардағы N 01 Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің қаулысымен бекітілген қосымша

## Қоғамдық жұмысшылар жіберілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздері

| Р/с | Жұмыстардың түрлері | Жұмыс беруші |
|---|---|---|
| 1. | Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерге, олардың жесірлеріне, жалғыз басты зейнеткерлерге, қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету. | Қалалық, ауылдық әкімдер |
| 2. | Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларына әлеуметтік тұрмыстық жағдайларын жақсартуға көмек көрсету, кемтар балаларға арналған психологиялық және педагогикалық түзетуге көмек. | Ауылдық әкімдер және үкіметтік емес ұйымдар |
| 3. | Аймақтарды көркейту, экологиялық жағдайды жақсарту, санитарлық тазалау жұмыстары (ағаштар мен жол жиегіндегі қоршауларды әктеу, су арықтарын тазарту, қалпына келтіру, жол жиегін тазалау). | Қалалық, ауылдық әкімдер, қалалық, ауылдық мәдениет үйлері, коммуналдық шаруашылық, ауруханалар, мұражайлар, саңыраулар қоғамы, сәбилер үйі. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Аймақтарды көгалдандыру (ағаштар мен гүл көшеттерін отырғызу және оларды күту), Жеңіс, Алтын Адам және басқа ескерткіштерді күту. | Қалалық, ауылдық әкімдер, мәдениет үйі |
| 5. | Аймақтық қоғамдық науқандарды өткізуге қатысу (көпшіліктің ой-пікірлерін сұрастыру, халық және мал санағы және тағы басқа), әскерге азаматтарды шақыру жұмыстарына қатысуға және т.б. көмек көрсету. | Қалалық, ауылдық әкімдер, аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім және үкіметтік емес ұйымдар. |
| 6. | Зейнетақының, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және мүгедектігіне байланысты жәрдемақылардың көлемі өзгеруіне байланысты зейнеткерлік іс құжаттарына шешімдерін тігу және мұрағаттық материалдарды жүйелеу | Зейнетақы төлеу орталығы |
| 7. | Әлеуметтік мәдени мәні бар ғимараттардың сақталуы және көгалдандыру жұмыстары. | Қалалық, ауылдық әкімдер |
| 8. | Жалпы малдәрігерлік іс- шараларды жүргізуге көмектесу (паспорттандыру, малдардан қан алу, ен салу және тағы басқа). | Ауылдық әкімдер |
| 9. | Архивтік құжаттарды жаңарту. Аудандық мұрағатқа құжаттар өткізуге көмек көрсету. | Ауылдық әкімдер және аудандық мұрағат |
| 10. | Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімшенің есебіне қойылған жасөспірімдермен жұмыс жүргізуге көмек көрсету | Қалалық, ауылдық әкімдер және үкіметтік емес ұйымдар |
| 11. | Кітап тігу, түптеу, жаңғырту жұмыстары | Аудандық кітапхана |
| 12. | Халыққа хат-хабар жеткізіп беру. | Ауылдық әкімдер |
| 13. | Мұрағаттық көрмелер үйымдастыруға көмек | Мұражайлар |
| 14. | Соқыр, естімейтін және есту қабілеті төмен мүгедектерге қызмет көрсетуді ұйымдастыру. | Аудандық саңыраулар қоғамы, үкіметтік емес ұйымдар |
| 15. | Жұмыс іздеу клубы | Үкіметтік емес ұйымдар |
| 16. | Халық дәстүрін, қолөнерді қайта жаңғыртуға көмек көрсету | Үкіметтік емес ұйымдар |
| 17. | Сенім телефондарына байланысқан тұрмысы төмен отбасыларына психологиялық және құқықтық көмек көрсету. | Үкіметтік емес ұйымдар |
| | Жастарды мәдени парасатты және рухани дамытуға арналған іс-шаралар мен салауатты өмір | |

| | | |
|---|---|---|
| 18. | салты акцияларын өткізуге, жазғы демалыс және еңбек лагерлерін құруға және саяхат жорықтары мен үйірмелерді ұйымдастыруға көмектесу. | Үкіметтік емес ұйымдар |
| 19. | Ауыл шаруашылығы жұмыстары мен ауылшаруашылық өнімдерін дайындау кезінде маусымды көмек көрсету | Үкіметтік емес ұйымдар |
| 20. | Аз қамтылған отбасыларының тұрмыстық жағдайын анықтауға көмектесу. | Қалалық, ауылдық әкімдер |
| 21 | Жұқтырған қорғаныш тапшылығы белгісіне (ЖҚТБ) және есірткіге қарсы күрес жұмыстарына көмек көрсету. | Аудандық аурухана |

*Бюджеттік және үкіметтік емес ұйымдардағы ақылы қоғамдық жұмыстардың еңбек ақысы жергілікті бюджеттен республика бойынша 2010 жылға бекітілген төменгі жалақы көлемінде төленеді.*

*2010 жылға ақылы қоғамдық жұмысқа жіберілетіндер саны Еңбекшіқазақ аудандық жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру жөніндегі 2008 – 2010 жылдарға арналған іс шаралар жоспары бойынша 720 адам, ал жалпы төлем көлемі 2010 жылға бекітілген аудан бюджетіне сәйкес 31424 мың теңге көлемінде құралады.*

*"Еңбекшіқазақ ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар" бөлімі мемлекеттік мекемесінің бастығы: М. Аңсатбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК